**Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлік нысанын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а 2015 жылғы 24 қарашадағы № 1084 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 17 наурызда № 13499 болып тіркелді

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлік нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы Ж. Қасымбек*

*«КЕЛІСІЛДІ»*

*Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі*

_______________ Е. Досаев

*2016 жылғы 17 ақпан*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 1084 бұйрығымен бекітілген

Нысан

КК Сериясы/Серия КТ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ПО ИНВЕСТИЦИЯМ И РАЗВИТИЮ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КӨЛІК КОМИТЕТІ КОМИТЕТ ТРАНСПОРТА КЕМЕ ЭКИПАЖЫНЫҢ ЕҢ АЗ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ КУӘЛІК СВИДЕТЕЛЬСТВО О МИНИМАЛЬНОМ СОСТАВЕ ЭКИПАЖА СУДНА**

Кеменің атауы Название судна________________________________________

Тіркеу порты Порт регистрации________________________________________

Шақыру дабылы Позывной сигнал________________________________________

| Лауазымы Должность | Адам саны Число лиц | Лауазымы Должность | Адам саны Число лиц |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

Кестеде көрсетілген экипаждың құрамы «Кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарды белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 18 ақпандағы № 134 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10788 болып тіркелген) белгіленген кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Состав экипажа, указанные в таблице, соответствуют требованиям к минимальному составу экипажей судов, установленным приказом исполняющего обязанности Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 18 февраля 2015 года № 134 «Об установлении требований к минимальному составу экипажей судов» ( зарегистрированный в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 10788).

Берілген күні, қолданылу мерзімі

Дата выдачи, срок действия ________________________________________

Осы куәлік Көлік комитетінің аумақтық органымен берілді

__________________________________________________________________

Настоящее Свидетельство выдано территориальным органом Комитета транспорта

М.О.

М.П

Көлік комитеті

_____________ ___________________ аумақтық органының басшысы/

(қолы/подпись) (аты-жөні, тегі (бар болған жағдайда/ фамилия, имя, отчество (при наличии) Руководитель территориального органа

_______________________________________________ Комитета транспорта

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК